



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.74-2023


30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 1 - 12

**ҚОС ДИПЛОМДЫ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы, 2023 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2 - 13


АЛҒЫСӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ оқу-әдістемелік қызметі.
- 2. ҚАЙТА БЕКІТІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗГЕН** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесі. 30 қараша 2023 ж. №4 хаттама. №2 басылым. Министрліктің атауы өзгеруіне байланысты қайта бекітілді.
- 3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ**
- 4. ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ**



Мазмұны

1. Кіріспе	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Қолданылған қысқартулар	4
4. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар	5
5. Жалпы ережелер	5
6. Қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру	6
7. Қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламаларын басқару	8
8. Қос дипломдық бірлескен білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптар	9
9. Жауапкершілік, үйлестіру	10
10. Өзгерістер енгізу тәртібі	10
11. Тарату, сақтау	11
12. Келісу парағы	12
13. Танысу парағы	13

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4 - 13



Темірбек Жүргенов атындағы
 Қазақ ұлттық өнер академиясы»
 ҒҮММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
 30 қараша 2023 жыл, №4 хаттама

1. Кіріспе


1. Осы қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламалары туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қос дипломды білім беру бағдарламалары базасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар шығармашылық кадрларды даярлау үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібін белгілейді.
2. Ережені қабылдау комиссиясында және оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысатын Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі – Академия) бөлімшелері қолданады.
3. Осы құжатталған рәсім ішкі құжат болып табылады және Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының құрамына енеді.

2. Нормативтік сілтемелер

4. Осы құжат келесі құжаттардың негізінде әзірленген:
 - 1) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.
 - 2) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.
 - 3) «Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның Академиялық саясаты» (2021 жылғы 27 мамырдағы Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген, № 10 хаттама).
 - 4) 2016-2026 жылдарына Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның даму Стратегиясы.

3. Қолданылған қысқартулар

ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МЖМБС - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттар
ББ - білім беру бағдарламасы
ЖЖОКБҰ - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 5 - 13

ЖОЖ - жеке оқу жоспары

ОН - оқыту нәтижелері

ТК - Тіркеуші кеңсе

ЖМП - жалпыға міндетті пәндер

БББ - бірлескен білім беру бағдарламалары

4. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

1) Академиялық күнтізбе - (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

2) Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) - тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

3) Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімінің, іскерлігінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі, қалыптасқан құндылықтары мен қатынастары.

4) Бірлескен білім беру бағдарламалары – бұл екі (немесе одан да көп) ЖЖОКБҰ-серіктестер (Қазақстандық, Қазақстандық және шетелдік) әзірлеген және іске асыратын, бағдарламаны ойдағыдай меңгерген түлектерге тиісті білім туралы құжаттарды бере отырып, екі (немесе одан да көп) ЖЖОКБҰ бірлескен (қос немесе одан да көп) дәрежелерін беруді көздейтін білім беру бағдарламалары.

5) Қос диплом бағдарламалары – серіктес-ЖЖОКБҰ ББ салыстырмалылығы мен үндестірілуіне негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу үдерісін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бірлескен білім беру бағдарламалары.

6) Қос (және одан да көп) дәреже (Double/multiple Degree) - бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаннан кейін әрбір ЖЖОКБҰ-серіктесінің екі және одан да көп дәрежесін алу.

5. Жалпы ережелер

5) Қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламалары (бұдан әрі-ҚД БББ) бойынша берілетін дәрежелер Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында және ЖЖОКБҰ-серіктестерде оқу мазмұнын, білім беру процесін салыстыру, синхрондау негізінде әзірленеді және іске асырылады.



- 6) БББ екі Қазақстандық немесе Қазақстандық және шетелдік ЖЖОКБҰ-серіктестер арасындағы келісім негізінде әзірленеді. Қос дипломдардың бірлескен білім беру бағдарламалары (бұдан әрі-ҚД БББ) ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін, ПОҚ мен білім алушылардың ұтқырлығын арттыру, білім беру сапасын арттыру, ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық тану, түлектердің мансаптық перспективаларын кеңейту міндеттерін шешеді.
- 7) ҚД БББ жобалау және енгізу мәндес және/немесе тектес білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте бірлесіп іске асырылатын білім беру бағдарламалары тең мәнді болып табылады.
- 8) Әзірленген ҚД БББ ЖЖОКБҰ серіктестерінің әрқайсысының Ғылыми кеңесінде талқыланады және бекітіледі.
- 9) Әзірленген ҚД БББ ҚР ҒЖЖБМ Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізіледі.
- 10) ҚД БББ бойынша оқыту қажет болған жағдайда қашықтықтан оқыту элементтерін қоса отырып, күндізгі оқыту нысанында жүзеге асырылады.
- 11) ҚД БББ әзірлеу және іске асыру үшін серіктес-ЖОО-ның таңдау кезінде Академияның ББ басшылары ЖОО-ның білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияның, білім туралы құжаттарды беруге құқық беретін білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы куәліктің, сондай-ақ білім беру бағдарламасы бойынша жетекші ұлттық және халықаралық рейтингтердің жоғары позициясы бар лицензияның болуын назарға алуға тиіс. QS WUR және Times Higher Education бойынша үздік-500 құрамына кіретін жоғары оқу орындарына басымдық беріледі.
- 12) БББ бойынша оқыту тілі серіктестердің келісімі бойынша айқындалады. Академиядағы басымдылық негізінен қазақ және/немесе орыс тілі, ЖЖОКБҰ-серіктестегі ағылшын және/ немесе өзге тіл.
- 13) ҚД БББ мазмұны қажет болған жағдайда жаңартылуы мүмкін. Оқу жоспарындағы өзгерістер ЖЖОКБҰ-ның екі серіктесінің де Ғылыми кеңестерінде қаралады және оларды екі ЖЖОКБҰ-ның ректорлары бекітеді.
- 14) Оқу ақысы білім алушы мен ЖЖОКБҰ-серіктестері арасындағы үшжақты келісім-шарт негізінде жүргізіледі.

6. Қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру

- 15) ҚД БББ Академияда бітіртуші кафедра меңгерушісі және факультет деканы серіктес-ЖЖОКБҰ-ның ББ жетекшілерімен бірлесіп әзірлейді.
- 16) Негізгі құжат ЖЖОКБҰ-серіктестерінің бірінші басшылары қол қойған «Қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру туралы келісім» болып табылады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ


П 017-1.74-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 7 - 13

- 17) ЖЖОКБҰ-серіктестері мен білім алушылар арасындағы үшжақты келісім-шартты халықаралық бөлім басшысының қолдауымен заң бөлімінің басшысы әзірлейді.
- 18) Білім алушыны ҚД БББ қосу оның өтініші негізінде және білім алушы мен екі ЖЖОКБҰ-серіктестері арасында жасалған үшжақты келісім-шартқа сәйкес жүргізіледі.
- 19) Бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша оқуға үміткерлерді қабылдау осы бағдарламада көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.
- 20) Қажет болған жағдайда ҚД БББ бойынша оқыту үшін алдын ала кәсіптік бағдарлау жұмысы және білім алушыларға арнайы қабылдау жүргізіледі, тілдік даярлық жүзеге асырылады.
- 21) ҚД БББ модульдік принцип бойынша құрылады. Бұл ретте модульдердің мазмұны бір-бірін толықтырады. ЖЖОКБҰ-серіктестері осы модульдердің оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді.
- 22) ҚД БББ жасау кезінде Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС талаптарын ескеру қажет, атап айтқанда міндетті компоненттің барлық пәндерін игеру, практиканың барлық түрлерін және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өту қажет.
- 23) ЖЖОКБҰ-серіктестер пәндерді игеру, практиканың барлық түрлерінен өту, аралық және қорытынды аттестаттау өту тәртібін дербес айқындайды.
- 24) Білім алушылар ЖЖОКБҰ-серіктестеске қабылдау рәсімінен өтеді.
- 25) Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізбесін, олардың кредиттер мен сағаттардағы еңбек сыйымдылығын, оқу кезеңін, пәндер оқытылатын ЖЖОКБҰ-серіктестер бойынша бөлуді, қайта есептеу тәртібімен қамтылады.
- 26) Білім алушының жеке оқу жоспары қосымша білім беру модульдері мен жазғы семестрлерді қамтуы мүмкін.
- 27) Екі тараптың білім беру бағдарламаларындағы пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі.
- 28) ЖЖОКБҰ-серіктестер арасындағы келісімде бекітілген келіссөздерге байланысты уақыт кезеңінде оқытудың әртүрлі схемалары болуы мүмкін. Мүмкін нұсқалар: 2+2 (2 жыл Академияда, 2 жыл ЖЖОКБҰ-серіктесте), 3+1 (3 жыл Академияда, 1 жыл ЖЖОКБҰ-серіктесте), 1+1+1+1 (Академия мен ЖЖОКБҰ-серіктесте кезектесіп). Жалпы оқу мерзімі өзгеріссіз – бакалавриатта 4 жыл, магистратурада 2 жыл, докторантурада 3 жыл.
- 29) Қосдипломдық білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың әртүрлі технологияларын, соның ішінде қашықтықтан оқытуды да қолдануға болады. Бағдарламаның сәйкес модулін іске асырып отырған серіктес-ЖОО әр оқу жылының аяғында білім алушыға транскрипт береді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 8 - 13

30) Серіктес-ЖОО-да игерілген кредиттерді қайта есептеу, оқу жоспарындағы пәндердің айырмашылығын жою тәртібі мен мерзімі факультет деканының өкімімен рәсімделіп тіркеуші-кеңсе басшысының бақылауымен жүзеге асырылады.

31) Тіркеуші-кеңсе есептелген пәндерді және кредит санын серіктес-ЖОО-ның белгілей отырып академиялық транскриптке қосады.

32) Білім алушы әр ЖЖОКБҰ-да екі немесе келісілген ЖЖОКБҰ-серіктестердің өкілдерінен құралған комиссиядан бір қорытынды аттестациядан өтеді.

33) Білім беру аяқталғанда және әр бағдарламаның барлық талаптарын орындаған білім алушыға академиялық дәрежесін/академиялық дәрежелерін беру туралы белгіленген үлгідегі дипломдар және екі транскрипт беріледі.

7. Қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламаларын басқару

34) Академияда ҚД БББ-ын іске асыру Академияның Жарғысына және Академияда оқу қызметін реттейтін басқа да заңды және әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

35) Академияның ҚД БББ-ын үйлестіруші құрылымдық бөлімшесі Академияның бірлескен бағдарламалар аясында оқылып жатқан пәндер мен курстар бойынша білім алушыларды ақпараттық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

36) Бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім беру сапасын бақылауды төмендегілер жүзеге асырады:

- 1) Академия мен ЖЖОКБҰ-серіктестердің өкілдері;
- 2) сыртқы сарапшылар (бағдарлама жетекшісінің шешімімен).


37) ҚД БББ-ын қаржыландырыла алады:

- 1) бағдарлама бойынша ЖЖОКБҰ-серіктестерінің қаржысымен;
- 2) мемлекеттік және жеке қорлардың қаржысымен;
- 3) үшінші тұлғалардың және демеуші ұйымдардың қаржысымен;
- 4) білім алушылардың жеке қаржысымен.

38) ҚД БББ-ын құрастырғанда бағдарламаны әзірлеу мен іске асыру бойынша шығындардың сметасы жасалып, Академияның және ЖЖОКБҰ-серіктестерінің бас бухгалтерімен бекітіледі.

39) Академиядағы ҚД БББ-ын заңды құжаттармен қамтамасыз ету, бұл:

- 1) ЖЖОКБҰ-серіктеспен ынтымақтастық туралы келісім-шарт;
- 2) ЖЖОКБҰ-серіктеспен қос дипломдық бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу мен іске асыру туралы келісім;
- 3) ҚД БББ-ын әзірлеу мен іске асыру бойынша шығындардың сметасы;
- 4) Екі ЖЖОКБҰ-серіктес пен білім алушы арасындағы ҚД БББ-ын іске асыру бойынша оқу ақысы мен төлеу тәртібі көрсетілген үшжақты келісім;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9 - 13

40) Оқу-әдістемелік құжаттамалық қамтамасыз ету, бұл:

- 1) Бірлескен модульдік қос дипломдық білім беру бағдарламалары;
- 2) ҚД БББ-ының оқу жұмыс жоспары (күрделілігі мен игеру тәртібін ескере отырып модульдерді оқу жылдарына бөлу);
- 3) Элективті пәндер каталогы;
- 4) Академиялық күнтізбе;
- 5) Білім алушылардың практика бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру;
- 6) Білім алушылардың жеке оқу жоспары;
- 7) Білім алушылардың жеке практика жоспары;
- 8) Пәндер бойынша оқу бағдарламалары.


8. Қос дипломдық бірлескен білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптар

41) ҚД БББ-на келесі талаптарға сай келетін бағдарламалар жатады:

- 1) келісілген ҚД БББ екі ЖЖОКБҰ-серіктеспен бірігіп әзірленеді және бекітіледі;
- 2) қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар білім беру бағдарламасының бір бөлігін ЖЖОКБҰ-серіктесте игереді;
- 3) келісім негізінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен жалпы принциптерге негізделген білім берудің оқу кезеңдерін, кредиттері мен нәтижелерін міндетті тану мен есепке алу;
- 4) қос дипломдық білім беруге оқытушылардың қатыстырылуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеу, оқыту, қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу, ОПҚ-ның, студенттердің, әкімшіліктің академиялық ұтқырлығы;
- 5) Қос дипломды білім беру бағдарламасын толық игерген білім алушыға әр ЖЖОКБҰ-серіктес академиялық дәреже немесе келісім негізінде бірлескен бір дәреже беріледі. ЖЖОКБҰ-серіктестердің екі баламалы дипломдар және екі транскрипт беріледі.

42) Бірлескен модульдік қос дипломдық білім беру бағдарламаларының құрылымы:

- 1) ҚД БББ сұранысының негізділігі;
- 2) Серіктестік;
- 3) Бағдарламаны институционалдық қолдау;
- 4) Серіктестіктің қаржылық-құқықтық мәселелері;
- 5) Жұмысты ұйымдастыру мәселелері;
- 6) Оқыту тілі;
- 7) Кадрлармен қамтамасыз ету және бағдарламаны іске асыру;
- 8) Әдістемелік қамтамасыз ету;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10 - 13


- 9) Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және бағдарламаны іске асыру;
- 10) Білім алушыларды іріктеу және қабылдау критерийлері;
- 11) Тұрақтылық және даму.
- 43) Бірлескен модульдік қос дипломдық білім беру бағдарламаларының мазмұны:
 - 1) Оқыту бағдарламасының жалпы сипаттамасы;
 - 2) Бағдарламаны бітірушінің кәсіби қызметінің сипаттамасы;
 - 3) Қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің құзыреттері;
 - 4) ҚД БББ бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер;
 - 5) Бірлескен бағдарламаның оқу нәтижелерін тану;
 - 6) Ағымдағы оқу кезеңінің бағалары мен кредиттерін есепке алу тәртібі;
 - 7) ҚД БББ-ын енгізу барысында оқу процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын реттейтін құжаттар;
 - 8) ҚД БББ-ның бітірушілерінің қорытынды аттестациясы;
 - 9) ҚД БББ сапасын қамтамасыз ету;
 - 10) Бірлескен дәреже беру жүйесі.

9. Жауапкершілік, үйлестіру

- 44) Мазмұнына, келісімге, бекітуге, мүдделі тұлғалардың назарына жеткізуге әзірлеуші жауапты.
- 45) Жергілікті деңгейдегі жауапкершілік білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне жүктеледі.
- 46) Ереженің соңғы нұсқасы туралы шешімді келісу парағында көрсетілген жауапты тұлғалар қабылдайды.
- 47) Ережені бекіту туралы шешім Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында ұжымдық дауыс беру арқылы қабылданады.


10. Өзгерістер енгізу тәртібі

- 48) Осы Ережеге өзгерістер енгізуді әзірлеуші әзірлеу және бекіту сияқты тәртіппен жүзеге асырады.
- 49) Ереженің жұмыс данасына өзгерістер енгізуді оқу-әдістемелік қызметте іс қағаздарын жүргізуге жауапты тұлға жүзеге асырады. Өзгерістер мен толықтырулар Ғылыми кеңестің отырысында бекітіледі. Өзгерістер құжатты келесі қайта қарауға дейін қолданылады.
- 50) Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері Ереженің түпнұсқасының ісінде оны ауыстыру туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, «жойылды» деген жазба жасайды. Күші жойылған құжаттың түпнұсқасын Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері мұрағатқа сақтауға тапсырады.









	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11 - 13

11. Тарату, сақтау

- 51) Осы Ережені талқылауға және бекітуге жіберуді әзірлеуші жүзеге асырады.
- 52) Осы Ереженің жұмыс данасы оқу-әдістемелік қызметінде сақталады және Академия сайтында орналастырылады.
- 53) Құжаттың түпнұсқасы Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті бөлімінде сақталады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.74-2023 30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 12 - 13

Келісу парағы

Әзірленді:		
Оқу-әдістемелік қызмет басшысы		Ж.А.Джумадилова
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш.А.Амирбеков
Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы		Б.К.Турдалиева
Офис-тіркеуші бөлімінің басшысы		А.А.Шомшекова
Сыртқы байланыстар және академиялық ұтқырлық бөлімінің басшысы		Ж.А.Далиева
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы		А.А.Кульшанова
Заң бөлімінің басшысы		Г.Д.Сеитбекова
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		А.Е.Молдабаева



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.74-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 13 - 13

Танысу парағы

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				